

Қарағанды облысының әлеуметтік мәні бар ауданараптық (облысішлік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасының тізбесін бекіту туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 30 маусымдағы III сессиясының № 63 шешімі. Қарағанды облысының Әдilet департаментінде 2016 жылғы 25 шілдеде № 3918 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы "Теміржол көлігі туралы" Заңының 14 бабы 3 тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық маслихат ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Қарағанды облысының әлеуметтік мәні бар ауданараптық (облысішлік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жойылсын:

1) Қарағанды облыстық мәслихатының 2011 жылғы 29 қарашадағы XLI сессиясының "Әлеуметтік мәні бар ауданараптық (облысішлік қалааралық) және қала маңындағы темір жол жолаушылар қатынастарының тізбесін бекіту туралы" № 469 шешімі;

2) Қарағанды облыстық мәслихатының 2012 жылғы 27 қыркүйектегі VIII сессиясының "Қарағанды облыстық мәслихатының 2011 жылғы 29 қарашадағы XLI сессиясының "Әлеуметтік мәні бар ауданараптық (облысішлік қалааралық) және қала маңындағы темір жол жолаушылар қатынастарының тізбесін бекіту туралы" № 469 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" № 87 шешімі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау құрылыш, көлік және коммуналдық шаруаршылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 18.04.2023 № 29 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Н. Иманов

Р. Әбдікеров

Қарағанды облыстық мәслихатының

2016 жылғы 30 маусымдағы

№63 шешіміне қосымша

Қарағанды облысының әлеуметтік мәні бар ауданараптық (облысішлік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 18.04.2023 № 29 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Қатынас |
|---|--|
| 1 | №606/605 "Қарағанды – Балқаш" |
| 2 | "Балқаш – Саяқ" |
| 3 | №6867 "Құлайғыр – Теміртау" |
| 4 | №6868/6869 "Теміртау – Ақадыр – Теміртау" |
| 5 | №6952/6951 "Шоқай – Құлайғыр – Қарағанды Сұрыптау" |
| 6 | №6876 "Теміртау – Құлайғыр" |
| 7 | №6815 "Қарағанды – Шоқай" |
| 8 | №6956/6955 "Қарағанды Сұрыптау – Қарағанөзек" |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК